Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17889021-1
Конкурстың атауы:	2027 жылға Арал-Сырдария бассейніндегі халықаралық, республикалық орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу қызметтерін сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу
Лоттың нөмірі:	№ 88085104-ОК1
Лоттың атауы	Балық ресурстарын және басқа да су жанауарларын шығару бойынша қызметтер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	030072.100.000001
Қызметтің атауы:	Балық ресурстарын және басқа да су жанауарларын шығару бойынша қызметтер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	39969944.83
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	39969944.83

Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	Техникалық ерекшелікке сәйкес
Аванстық төлем мөлшері:	30
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі Лот №2. Арал-Сырдария бассейніндегі халықаралық, республикалық орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу Мақсаты Арал-Сырдария бассейніндегі халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және ондағы балық ауланатын учаскелердің балық өнімділігін анықтау, балық және өзге де су жануарларының лимитіне биологиялық негіздемелер жасау және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде ұсыныстар беру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу Арал-Сырдария бассейніндегі негізгі кәсіптік балық түрлерінің қазіргі кездегі балық қорының жағдайын бағалау, балық қоры мен өзге де су жануарларының рұқсат етілетін шектеулі ауланатын мөлшеріне биологиялық негіздемелер жасау және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде ұсыныстар беру. Зерттеу міндеттері • Зерттелетін ауданның гидрологиялық және гидрохимиялық режимін талдау; • Балықтың қоректік қорының жағдайын талдау; • Кәсіптік балық түрлері құрылымының көпжылдық динамикасын талдау; • Балықтың табиғи ұдайы өсіру жағдайын талдау (белсенді шабақ, пассивті өрлеу); • Жайылым кезіндегі балықтың қоректенуін талдау; • Бассейн және су қойма бойынша кәсіптік ихтиофауна құрамын талдау (биотоп бойынша); • Кәсіптік және ғылыми балық аулау құралдарының мәліметтері бойынша кәсіптік аулау жүктемесін талдау; • Бассейн және су қойма бойынша, зерттелетін ауданда балық қоры мен өзге де су жануарларының жағдайын жыл сайынғы бағалау негізінде кәсіптік жағдайды талдау; • Балық аулаудың шектеулі ауланатын мөлшерін есептеу; • Балық аулаудың тиімді режимі бойынша, соған қоса тиым салу және шек қою ұсыныстар беру (аулар, жылымдар және т.б.) барынша кіші (минималды) өлшемдегі тор көзін бекіту, балық аулап дем алатын аймақ құру бойынша ұсыныстар; • Үлкен Аралдың Тұщыбас, Чернышев шығанақтарындағы артемия (Artemia salina) шаянының цисталар қорын анықтау және шектеулі ауланатын мөлшерін есептеу; • Балықтандырудың көлемдік, түрлік және жастық құрамы бойынша ұсыныстар (қажет болған жағдайда). Зерттеудің мазмұны • Зерттеу ауданының гидрологиялық және гидрохимиялық динамикасына көпжылдық және жыл ішінде талдау жасау және олардың биоресурстардың қалыптасуына әсерін анықтау; Келесідей көрсеткіштер талданады: о Судың орташа жылдық деңгейінің динамикасы; о Өзендердің су ағысының орташа айлық және жылдық көлемі; о Гидрогеографиялық жүйенің сипаттамасы мен жағдайы, сонымен қатар қойнау суқоймалар мен өзенге келіп құятын басқа да су жүйелерінің балық шаруашылығындағы рөлі; о Зерттеу ауданы бойынша еріген газдардың, биогенді қосылыстардың, органикалық заттар мен су минерализациясының құрамы. • Қоректік қордың жағдайы мен балықтардың қоректенуіне талдау

	жасау Келесідей көрсеткіштер талданады: о Таксономиялық құрамы, саны мен биосалмағы, басым түрлердің құрамы, негізгі топтар мен түрлердің саны мен биосалмағы, суқойма аймақтары бойынша таралуы, Шеннон-Уивер және сапробтылық көрсеткіштері (зоопланктон мен зообентос бойынша жеке-жеке); о Балықтардың қоректену спектрі (мысал ретінде, бентос қоректілерден және жыртқыштардын бір түрден), құрамдас бөліктердің кездесу жиілігі, балық ішектерінің толысу индексі; о Балықтардың кәсіптік популяцияларының құрылымының көпжылдық динамикасын талдау Балық популяциясының келесідей көрсеткіштері талданады: о Балықтардың дене ұзындығы секілді негізгі биологиялық көрсеткіштері (минимальді, максимальді және орташа - көлемдік құрылымы), дене салмағы (минимальді, максимальді және орташа); о ұзындық және салмақтық өсу қарқындылығы; популяцияның жастық құрамы, популяциядағы орташа жасының ауытқуына және жастық құрамы бойынша басым балық топтарына талдау жасау; о ұдайы өсу потенциалы, сонымен қатар: жыныстық ара қатынасы, жыныстық жетілу жасы, абсолютті жеке тұқымдылығы. о Басқа көрсеткіштер (бар болған жағдайда), балықтардың жағдайын адекватты сиппаттау үшін; • Сырдария өзенінің мен оның қойнаулары мен тармақтарының жүйесінде табиғи ұдайы өсуінің тиімділігін талдау және Кіші Арал теңізі мен Шардара суқоймасында шабақтарының таралуы (белсенді шабақ); о түрлік құрамы; о түрлер бойынша шабақтардың жалпы саны; о шабақтардың ұзындық және салмақтық көрсеткіштері. • Сирек және жойылу қаупінде тұрған балық түрлерінің жағдайы (бар болған жағдайда). • Бассейн және су қойма бойынша кәсіптік ихтиофаунаның құрамына талдау жасау; • Ғылыми мен кәсіптік балық аулаудың маусымдық мәліметтерлеріне сүйене отырып кәсіпшілік қысымға талдау жасау • Балық қоры мен өзге де су жануарларының жағдайын жылдық бағалау, кәсіптік балық аулау мәліметтері негізінде зерттеу аудандарында кәсіптік жағдайды талдау. Келесідей көрсеткіштер талданады: • Кәсіптік балық аулайтын аудандар бойынша және аулау құралының түрлері бойынша аулау құралының тиімді (оңтайлы) саны; Балықшылар мен активті аулау құралдарын көрсете отырып жүргізіледі. • Балық аулауда шекті аулау көлемін санау; • Балық аулаудың рұқсат етілген шектік көлемін есептеуде түрдің популяциялық құрылымы мен биологиясы, сонымен қатар жануарлар дүниесін тұрақты пайдалану бойынша талаптар ескеріледі, орташа жылдық аулауды барынша арттыру үшін балық қорының жағдайын екі жыл бұрын модельдеу (MSY тұжырымдамасы); • Кәсіптік қордың ағымдағы биомассасы бойынша әр балық түрлерін кәсіптік қорының биомассасының шекті белгілерімен салыстыра мәліметтер беру. Егер кәсіптік қордың биомассасы шектік белгіден төмендеген жағдайда тыйым салуды енгізу бойынша ұсыныстар беру; • Балық аулау құралдарына және балықшыларға кәсіптік қысым бойынша ұсыныстар Ұсыныстар құзырлы органның (тапсырыс беруші) ведомствасы облысаралық бассейндік инспекциялардың органдардың берген мәліметтерді талдау негізінде кәсіптік қысым бойынша деректерді ескере отырып өңделеді және

	төмендегіні құрайды: о суқоймадағы кәсіптік аудандардың тиімді саны, бар болған жағдайда; о аулаудың жаңа тәсілдері мен құралдары, қажет болған жағдайда; о кәсіптің жаңа объект түрлері, қажет болған жағдайда; • Балық қорларына және су жануарларының өзге де түрлеріне және олардың тіршілік ету ортасына шаруашылық және басқа іс-әрекеттің әсерін эксперттік бағалау. • Келесі жылы балық шаруашылық мелиорация бойынша іс-шаралар жүргізу жоспарын жасау. • Бассейндегі (аумақтағы) көбейту бойынша комплекстегі объектілерді (жеке және мемлекеттік балық өсіру ұжымдарының қуаттылығын ескере отырып) есепке ала, әр түр және олардың жастық топтамасы бойынша жерсіндіру жұмыстарына ұсыныс беру (қажет болған жағдайда). Ұсыныстар уәкілетті органның (Тапсырыс беруші) облысаралық бассейндік инспекцияларымен ұсынылған материалдарды талдау негізінде өткен кезеңдегі су қоймаларының қоры туралы деректерді ескере отырып әзірленеді; • Балық аулау режимін оптимизациялау, балық аулап дем алатын аймақ құру бойынша ұсыныстар беру (егер балық шаруашылық су аудандарын: тармақтары, шығанақтары, салалары, сағалары және т.б. аса құндыларға жатқызу қажет болған жағдайда және нақты орындардың атаулары, географиялық координаттары көрсетілген карта-сызбада белгіленген нақты ұсыныстар жасау), сонымен қатар зерттеу аудандарда шектеу және тиым қою мен балық аулау ережесі құқатысты ұсыныстарын қосу (егер қажет болған жағдайда); • Үлкен Арал теңізіндегі Тущыбас және Чернышев шығанақтарындағы Артемия цистасының (Artemia salina) шекті аулау көлемін анықтау • 2027 жылы жүргізілген гидрологиялық, гидрохимиялық ерекшеліктеріне байланысты шілде-тамыз айларында гидробиологиялық зертеулердің нәтижесінде алынған алдын-ала болжам беру, басқа сөзбен айтқанда биотаның және абиотикалық жағдайлардың орташа кезеңінде ұйымдастырылады. о Артемияның цистаны жаппай шашу кезінде және биологиялық циклдің аяқталуы барысында қор өнімінің талдауына негізделген шикізат қорының қалыптасуындағы метерологиялық жағдайлар мен дайындық кезінде қордың шынайы жағдайын ескеретін күзгі уақытта жүргізілген қордың нақты жағдайын анықтау бойынша ең соңғы немесе айқындаушы болжам беру. Зерттеуге және есеп беруде нәтижелерін ұсынуға қойылатын талаптар - Көпжылдық динамика көп тараған кәсіптік балық түрлерінің орташа жыныстық толу жасына байланысты талданады. - Көпжылдық динамикалардың талдау нәтижелері бойынша өзгеру тенденциясы мен болжам болу керек. - Биологиялық негіздемені беру құрылымы зерттеудің мазмұнына (бөлімдері) және зерттеу мазмұнының жоғарыда келтірілген талаптарына сай болуы тиіс. Жоғарыда келтірілген параметрлер Арал теңізі, Үлкен Арал теңізінің Тұщыбас және Чернышев шығанақтарына, Кіші Арал тенізі, Сырдария өзеніне, Шардара су қоймасы үшін жеке-жеке анықталады. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларының шектеулі рұқсат етілген көлемі облыстардың әкімшілік шекаралары шеңберінде жеке-жеке ұсынылады. Биологиялық негіздеме «Арал-Сырдария бассейніндегі халықаралық, республикалық орналасқан балық

	шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу» (әрі қарай – Есеп беру) Шартты кестеге сәйкес және рәсімделген түрде уақытында дайын болуы қажет және балық аулау лимитінің есептері 2028 жылдың 1 қаңтардан 2028 ж. 31 желтоқсанға дейін аралықта берілуі тиіс, 2026-2027 жылдардың зерттеулер қорытындысын ескеріп әзірленуі керек. Әрбір бассейіннің халықаралық және республикалық маңызы бар су алаптары (қажетінше әрбір суқойма бойынша) бойынша есеп беру, Тапсырыс берушіге мемлекеттік тілде 1 (бір) данада және орыс тілінде 1 (бір) данада қағаз түрінде ұсынылады, электронды түрде 1 (бір) данада беріледі. Жергілікті маңызы бар суқоймалар бойынша Жергілікті маңызы бар суқойма акваториясы бойынша балық және өзге де су биологиялық қорларының таралуы мен кәсіптік қорларының жағдайын бағалау үшін зерттеу жүргізу: Қызылорда облысы: 1. Арал ауданы Үлкен Талдыарал; 2. Арал ауданы Талдыарал; 3. Арал ауданы Қулы; 4. Арал ауданы Қаракөл; 5. Арал ауданы Насоскөл; 6. Арал ауданы Сарытерең; 7. Арал ауданы Кәрітұма; 8. Қазалы ауданы Сарыкөл; 9. Қазалы ауданы Қазанкеткен; 10. Қазалы ауданы Тұздыкөл; 11. Қазалы ауданы Көкен; 12. Қармақшы Ақтайлақ. Зерттелген суқоймалардың балық қорларын пайдалануға биологиялық негіздемені, балық шаруашылық мелиорация бойынша іс-шаралар жүргізу, оңтайлы режим мен балық аулауды реттеуді келесідегідей параметрлер бойынша көрсету керек: Жергілікті маңызы бар суқоймалар бойынша зерттеулердің мазмұны • суалаптардың физико-географиялық және гидрологиялық сипаттамасы; • гидрохимиялық режимді талдау; • қоректік қордың жағдайын талдау; • суқоймалардағы балық қорының түрлік құрамын анықтау (ихтиофауна болған жағдайда); • популяцияның құрылымын талдау (ихтиофауна болған жағдайда); • сирек және жойылып бара жатқан балық түрлер жағдайын талдау (егер осындай балықтар түрлері ихтиофауна құрамында кездескен жағдайда) • аквакультура мен балық аулауды қоса отырып шаруашылық мақсатта суқоймаларды пайдаланудың мағұлматы; • келесі жылға суқоймаларды балықшаруашылық мақсатта пайдалану бойынша ұсыныстар беру (бар болған (қолдағы) кәсіптік балық қоры мен өзге де су жануарлары арқылы балық қоры мен өзге де су жануарларын игерудің шектеулі рұқсат етілген мөлшерін анықтауды жүргізу); • балық аулау тәртібі мен аулау құралын пайдалану бойынша ұсыныстар (шектеу мен тыйым салу); • суқоймаларды балықтандыруда көлемі, жастық және түрлік құрамы бойынша ұсыныстар (егер бұл қажет болған жағдайда); • балықшаруашылық суқоймалар мен учаскелерді тиым салынған аймаққа жатқызу (тармақтары, шығанақтары, салалары, сағалары және т.б.) және географиялық координаттары, нақты орындардың атаулары көрсетілген

	карта-сызбада олардың шекараларын бекітудің биологиялық негізі (осындай учаскелер бар болған жағдайда); • балықтар ресурстары мен басқа да су жануарларының интродукция, реинтродукция бойынша ұсыныс (қажет болған жағдайда); • кезектегі мелиорация бойынша іс-шаралар жүргізуге бағалау қажет. • бекітілген формада зерттелген суқоймаларды паспорттандыруға ғылыми ұсыныстарды көрсету; Жергілікті маңызы бар су айдындары бойынша биологиялық негіздеме Тапсырыс берушіге мемлекеттік тілде 1 (бір) данада және орыс тілде 1 (бір) данада қағаз түрінде ұсынылады, электронды түрінде 1 (бір) данада 2028 жылдың 1 қаңтардан 2028 ж. 31 желтоқсанға дейінгі аралыққа балықтарды аулау және басқа су жануарларын ұйғара отыра беріледі. Биологиялық негіздемені дайындау үшін қажетті мәліметтер: Есеп беру «Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме дайындау қағидаларын бекіту туралы» балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен. Есеп беруде сынамалардың барлық түрін жинаудың далалық әдістері, сынамаларды зертханалық тұрғыда талдау, балық санын анықтау, есеп жүргізу әдістері, сонымен қатар, қажетінше диаграмма, кесте, карталық сызбасы және басқа да ақпараттық-анықтамалық мәліметтері берілуі керек. Есеп беруге сараптама жүргізу үшін, онда басты кәсіптік балық түрлері популяциясының жағдайының параметрлерінің көпжылдық өзгергіштігін бағалау, балық қоры мен өзге де су жануарларын игерудің шектеулі рұқсат етілген мөлшерін есептеу мен санын анықтауға қажетті барлық мәліметтер және дерек көздеріне сілтеме жасалу қажет. Аталмыш бассейн бойынша Есепті (биологиялық негіздемелер) дайындау ғылыми-техникалық және (немесе) ғылыми субъектілері ретінде аккредиттелген тиісті ғылыми ұйымдармен жүзеге асырылады «Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме дайындау қағидаларын бекіту туралы» Қағиданың және оның талаптарына сәйкес толтырылады. Биологиялық негіздемеге 5-7 парақтан аспайтын қысқаша аннотация сол жақ шет сызығы – 2,5 сантиметр, оң жақ шет сызығы – 1,5 сантиметр, колонтитулдар – 2,5 сантиметр, қаріп – № 14 мөлшеріндегі «Times New Roman», 3) жоларалық интервал – біржолдық, 4) абзацтық азат жол (бірінші жолдың азат жолы) – 1,25 сантиметр, (бөлек мұқабада) ұсыну қажет. Орындаушы есепті мемлекеттік экологиялық экспертизаның қарауынан кейін ескертпелер болған жағдайда Тапсырыс берушінің көрсеткен мерзімінде қосымша төлемсіз ескертпеге сәйкес жөндеуіге міндетті. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын негізгі кезеңдері: қысқы кезең – материалдарды камералдық өңдеу, алдыңғы зерттеулер деректерін талдау, әдістемелік тәсілдерді әзірлеу, сондай-ақ су ортасының мұз астындағы жай-күйін, қыстау шұңқырларын зерттеу (қызмет көлемінің шамамен 20 %-ы орындалған жұмыстар актісімен қоса беріледі); көктем-жаз кезеңі – далалық зерттеулердің негізгі көлемін жүргізу (балық шаруашылығы су айдындарында гидрохимиялық, гидробиологиялық, ихтиологиялық және ресурстық зерттеулер) (қызмет көлемінің шамамен 50 %-ы орындалған жұмыстар

	актісімен қоса беріледі); күзгі кезең – бақылау зерттеулерін жүргізу (гидрохимиялық, гидробиологиялық, ихтиологиялық және ресурстық зерттеулер), алынған материалдарды жинақтау, су айдындарының балық өнімділігін есептеу және шекті рұқсат етілген аулау көлемдеріне (ПДУ) биологиялық негіздемелер әзірлеу ((қызмет көлемінің шамамен 30 %-ы орындалған жұмыстар актісімен қоса беріледі). Қызмет көрсету кестесі № Қызмет атауы Көрсету нысаны Ұсыну мерзімі Жеткізу орны 1 Есеп беру Халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарының бойынша биологиялық негіздеме Балық шаруашылығы комитетінің қарауына - 2027 жылдың 1 желтоқсанына дейін Балық шаруашылығы комитеті Астана қ. 2 Есеп беру Резервтегі жергілікті су айдындары бойынша биологиялық негіздеме Балық шаруашылығы комитетінің қарауына - 2027 жылдың 1 желтоқсанына дейін Балық шаруашылығы комитеті Астана қ. ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары А. Бахиянов Техникалық спецификацияға 1 қосымша Сатып алынатын қызметтердің тізбесі № Лота Қызметтердің атауы Қызметтердің қысқаша мінездемесі (сипаттамасы) Көлем, дана Көрсету нысаны Жеткізу орны мен уақыты Сомасы, теңге (ҚҚС-сыз) Сомасы, теңге (ҚҚС қоса алғанда) Ай, жыл Жеткізу орны 2. 021-бюджеттік бағдарламасы, 100-кіші бағдарламасы «Жануарлар әлемі ресурстарын сақтау, өсімін молайту және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету» Арал-Сырдария бассейніндегі халықаралық, республикалық орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу 1 Биологиялық негіздеме 2027 жылдың 1 желтоқсанына дейін Балық шаруашылығы комитеті Астана, қ. 39 969 944,83 46 365 136 Барлығы: 1 39 969 944,83 46 365 136 Тапсырыс беруші Өнім беруші _____ _____ Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі 2 қосымшасына қосымша Су айдындарына жасалатын зерттеулердің мазмұнын түрлі санаттары бойынша бөлу Орындалуын бағалау, % 1) Халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарын зерттеу мазмұны Толық қызметтер көлемінің үлесі - 80% • Зерттеу ауданының гидрологиялық және гидрохимиялық динамикасына көпжылдық және жыл аралық талдау және олардың биоресуртардың құрылуына әсері; Келесідей көрсеткіштер талданады: Барлығы 5, Оның ішінде: о Орташа жылдық су деңгейінің динамикасы; 0,5 о Орташа айлық және жылдық өзеннің су ағысының көлемі; 0,5 о Гидрографиялық жүйенің сипаттамасы мен қазіргі таңдағы жағдайы, сонымен қатар қойнау суқоймалар мен өзенге келіп құятын басқа да су жүйелерінің балық шаруашылығындағы орны; 0,2 о Зерттеу ауданы бойынша еріген газдардың, биогенді қосылыстардың, органикалық заттар мен су

	минерализациясының құрамы. 3,8 • Қоректік қордың жағдайы мен балықтардың қоректенуіне талдау жасау; Келесідей көрсеткіштер талданады: Барлығы 8, Оның ішінде: о Таксономиялық құрамы, саны мен биосалмағы, басым түрлердің құрамы, негізгі топтар мен түрлердің саны мен биосалмағы, суқойма аймақтары бойынша таралуы (зоопланктон мен зообентос бойынша жеке); 5,0 о Балықтардың қоректену спектрі (мысал ретінде, бентос қоректі және жыртқыш балықтар негізінде бір түрден), құрамдас бөліктердің кездесу жиілігі, балықтардың ішек-қарын трактілерінің толысу индексі. 3,0 о Балықтардың кәсіптік популяцияларының құрылымының көпжылдық динамикасын талдау Балық популяциясының келесідей көрсеткіштері талданады: Барлығы 18, Оның ішінде: о Балықтардың дене ұзындығы секілді негізгі биологиялық көрсеткіштері (минимальді, максимальді және орташа - көлемдік құрылымы), дене салмағы (минимальді, максимальді және орташа); 10,0 о ұзындық және салмақтық өсу қарқындылығы; популяцияның жастық құрамы, популяциядағы орташа жасының ауытқуына және жастық құрамы бойынша басым балық топтарына талдау жасау; 3,5 о ұдайы өсу потенциалы, сонымен қатар: жыныстық ара қатынасы, жыныстық жетілу жасы, жеке шексіз тұқымдылығы; 4,5 • Балықтардың жағдайын адекватті түрде талдауға негізделген басқа көрсеткіштер (бар болған жағдайда); Барлығы 0,5 • Сырдария өзенінің мен оның қойнаулары мен тармақтарының жүйесінде табиғи ұдайы өсуінің тиімділігін талдау және Кіші Арал теңізі мен Шардара суқоймасында шабақтарының таралуы (белсенді шабақ); Барлығы 5,0 оның ішінде: о түрлік құрамы; 1,0 о түрлер бойынша шабақтардың жалпы саны; 2,0 о шабақтардың ұзындық және салмақтық көрсеткіштері. 2,0 • Сирек және жойылу қаупінде тұрған балық түрлерінің жағдайы (бар болған жағдайда). Барлығы 1,0 • Бассейн және су қойма бойынша кәсіптік ихтиофаунаның құрамына талдау жасау; Барлығы 2,5 • Ғылыми мен кәсіптік балық аулаудың маусымдық мәліметтерліне сүйене отырып кәсіпшілік қысымға талдау жасау Барлығы 3,0 • Балық қоры мен өзге де су жануарларының жағдайын жылдық бағалау, кәсіптік балық аулау мәліметтері негізінде зерттеу аудандарында кәсіптік жағдайды талдау. Келесідей көрсеткіштер талданады: о Балықшаруашылық аудандар бойынша аулау құралдырдың саны олардың типтері бойынша. Талдау балықшылардың және активті құралдырдың ұсынысы бойынша іске асырылады; Барлығы 2,5 • Балық аулауда рұқсат етілген шекті аулау көлемін есептеу; Балық аулаудың рұқсат етілген шектік көлемін есептеуде түрдің популяциялық құрылымы мен биологиясы, сонымен қатар жануарлар дүниесін тұрақты пайдалану бойынша талаптар ескеріледі, орташа көпжылдық аулауды барынша арттыру үшін балық қорының күйіне екі жыл алдын ала модельдеу (MSY тұжырымдамасы) жүргізіледі. Барлығы 10,0 • Кәсіптік қордың ағымдағы биомассасы бойынша әр балық түрлерін кәсіптік қорының биомассасының шекті белгілерімен салыстыра мәліметтер беру. Егер кәсіптік қордың биомассасы шектік белгіден төмендеген жағдайда тыйым салуды енгізу бойынша ұсыныстар беру.

	Барлығы 3,0 • Балық аулау құралдарына және балықшыларға кәсіптік қысым бойынша ұсыныстар Ұсыныстар құзырлы органның (тапсырыс беруші) ведомствасы облысаралық бассейндік инспекциялардың берген мәліметтерді талдау негізінде кәсіптік қысым бойынша деректерді ескере отырып өңделеді және төмендегіні құрайды: Барлығы 3,0 оның ішінде: о Суқоймадағы кәсіптік аудандардың тиімді саны, бар болған жағдайда; 1,6 о Аулаудың жаңа тәсілдері мен құралдары, қажет болған жағдайда; 0,7 о Кәсіптің жаңа объект түрлері, қажет болған жағдайда. 0,7 о Балық қорларына және су жануарларының өзге де түрлеріне және олардың тіршілік ету ортасына шаруашылық және басқа іс-әрекеттің әсерін эксперттік бағалау. Барлығы 1,0 • Келесі күнтізбелік жылда мелиорация бойынша іс-шаралар жүргізу жоспарын бағалау қажет. Барлығы 1,5 • Бассейндегі (аумақтағы) көбейту бойынша комплекстегі объектілерді (жеке және мемлекеттік балық өсіру ұжымдарының қуаттылығын ескере отырып) есепке ала, әр түр және олардың жастық топтамасы бойынша жерсіндіру жұмыстарына ұсыныс беру. Ұсыныстар уәкілетті органның (Тапсырыс беруші) облысаралық бассейндік инспекцияларымен ұсынылған материалдарды талдау негізінде өткен кезеңдегі су қоймаларының қоры туралы деректерді ескере отырып әзірленеді; Барлығы 3,0 • Балық аулау режимін оптимизациялау, рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу, балық аулап дем алатын аймақ құру бойынша ұсыныстар беру (егер балық шаруашылық су аудандарын: тармақтары, шығанақтары, салалары, сағалары және т.б. аса құндыларға жатқызу қажет болған жағдайда және нақты орындардың атаулары, географиялық координаттары көрсетілген карта-сызбада белгіленген нақты ұсыныстар жасау), сонымен қатар зерттеу аудандарда шектеу және тиым қою мен балық аулау ережесі құқатысты ұсыныстарын қосу (егер қажет болған жағдайда); Барлығы 3,0 • Үлкен Арал теңізіндегі Тущыбас және Чернышев шығанақтарындағы Артемия цистасының (Artemia salina) шекті аулау көлемін анықтау. Барлығы 10,0 оның ішінде: о 2027 жылы жүргізілген гидрологиялық, гидрохимиялық ерекшеліктеріне байланысты шілде-тамыз айларында гидробиологиялық зертеулердің нәтижесінде алынған алдын-ала болжам беру, басқа сөзбен айтқанда биотаның және абиотикалық жағдайлардың орташа кезеңінде ұйымдастырылады; 6,0 о Артемияның цистаны жаппай шашу кезінде және биологиялық циклдің аяқталуы барысында қор өнімінің талдауына негізделген шикізат қорының қалыптасуындағы метерологиялық жағдайлар мен дайындық кезінде қордың шынайы жағдайын ескеретін күзгі уақытта жүргізілген қордың нақты жағдайын анықтау бойынша ең соңғы немесе айқындаушы болжам беру. 4,0 2) Жергілікті маңызы бар суайдындарын зерттеу мазмұны Толық қызметтер көлемінің үлесі - 20% • суалаптардың физико-географиялық және гидрологиялық сипаттамасы; Барлығы 1,0 • гидрохимиялық режимді талдау; Барлығы 2,0 • қоректік қордың жағдайын талдау; Барлығы 2,0 • суқоймалардағы балық қорының түрлік құрамын анықтау (ихтиофауна болған жағдайда); Барлығы 2,0 • популяцияның құрылымын талдау

	(ихтиофауна болған жағдайда); Барлығы 3,0 • сирек және жойылып бара жатқан балық түрлер жағдайын талдау (егер осындай балықтар түрлері ихтиофауна құрамында кездескен жағдайда); Барлығы 1,0 • аквакультура мен балық аулауды қоса отырып шаруашылық мақсатта суқоймаларды пайдаланудың мағұлматы; Барлығы 1,0 • келесі жылға суқоймаларды балықшаруашылық мақсатта пайдалану бойынша ұсыныстар беру (бар болған (қолдағы) кәсіптік балық қоры мен өзге де су жануарлары арқылы балық қоры мен өзге де су жануарларын игерудің шектеулі рұқсат етілген мөлшерін анықтауды жүргізу);; Барлығы 1,0 • балық аулау тәртібі мен аулау құралын пайдалану бойынша ұсыныстар (шектеу мен тыйым салу); Барлығы 1,0 • суқоймаларды балықтандыруда көлемі, жастық және түрлік құрамы бойынша ұсыныстар (егер бұл қажет болған жағдайда); Барлығы 2,0 • балықшаруашылық суқоймалар мен учаскелерді тиым салынған аймаққа жатқызу (тармақтары, шығанақтары, салалары, сағалары және т.б.) және географиялық координаттары, нақты орындардың атаулары көрсетілген карта-сызбада олардың шекараларын бекітудің биологиялық негізі (осындай учаскелер бар болған жағдайда); Барлығы 1,0 • балықтар мен өзге де су жануарларының интродукция, реинтродукция және жерсіндіруі бойынша ұсыныс (қажет болған жағдайда); Барлығы 1,0 • кезектегі мелиорация бойынша іс-шаралар жүргізуге эксперттік бағалау (қажет болған жағдайда). Барлығы 0,5 • бекітілген формада зерттелген суқоймаларды паспорттандыруға ғылыми ұсыныстарды көрсету. Барлығы 1,5 ЖАЛПЫ 100%
Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Республиканское государственное учреждение "Комитет рыбного хозяйства Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан"
Наименование организатора	Республиканское государственное учреждение "Комитет рыбного хозяйства Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан"
№ конкурса:	№ 17889021-1
Наименование конкурса:	Государственные закупки по приобретению услуг определения рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений Арало-Сырдарьинского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения на 2027 год
Номер лота:	№ 88085104-ОК1
Наименование лота:	Услуги по воспроизводству рыбных ресурсов и других водных животных
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	030072.100.000001
Наименование услуги:	Услуги по воспроизводству рыбных ресурсов и других водных животных
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	39969944.83
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	39969944.83
Срок оказания услуги:	Согласно технической спецификации
Размер авансового платежа* *:	30 %

Гарантийный срок (в месяцах)	12

